



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

**Иса Сымбат Сейдалықызы**

[Symbat.anarbaeva.96@mail.ru](mailto:Symbat.anarbaeva.96@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі: – Асылбекова М.П.

Бүгінгі адамзат қоғамының даму жағдайы, экономика мен мәдениетімізге тән түрлі әлемдік өзгерістері, қоғамның ақпараттаруы білім беру жүйесіне өз әсерін тигізері сөзсіз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ҚР Жолдауында «Білім беру реформасы жетістігінің басты көрсеткіші – керекті білім мен біліктілікті игере алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез-келген елінде сұранысқа ие бола алатын маман деңгейіне көтеріле алуы болып табылады» деп жазылған[1]. Соған байланысты, «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» аясында еліміздің білім беру жүйесін қайта модернизациялауды, білім беру сапасын жақсартуды қажет етіп отыр.

Білім берудің жаңа құндылықтары ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының жаңа мазмұнында көрсетіліп, оқушылардың ақпараттық, әлеуметтік-мәдени мәселелерін шеше білуі және құзыреттіліктері күтілетін нәтижелер ретінде белгіленіп отыр. Білім берудің жаңа бағдарламасында оқушының «дайын білімді алушы» қалпынан оның танымдық үдерістегі «белсенді субъект» қалпына көшуін қамтамасыз ететін әлеуметтік-мәдени белсенділігін күшейтуге мән беріледі. Осыған орай, аталған әлеуметтік-мәдени құзыреттілік нәтижелерге бағытталған білім беру процессін ұйымдастыруды әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттер негізінде жүргізуге қажеттілік туындауда.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет арқылы білім беру мен тәрбиені жүзеге асыру оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін тереңінен зерттеуді қажет етеді. Ғылыми еңбектерінде және әдебиеттерде тұлға дамуындағы ізгілік туралы ой-пікірлер А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б., білім беруді ізгілендіру Ш.А.Амонашвили, М.Н.Берулава, В.А.Караковский, А.А.Бейсенбаева, Ә.М.Мұхамбетжанова және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Ал, әлеуметтік-мәдени құзыреттілік, оқушылардың қарым-қатынасы мен іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін Л.И.Божович, А.В.Запорожец, М.И.Лисина және т.б. еңбектерінде зерттелсе, әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің мәні мен мазмұны Т.Н.Лобанова, Ю.А.Тихомировтің еңбектерінде кездестіруге болады.

*Құзыреттілік* дегеніміз – тұлғаның, оқушының бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы. Ол оқушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Жалпы, құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.

Енді жалпы «құзыреттілік» және жекелей алғанда «тұлғаның әлеуметтік-мәдени құзыреттілігі» түсініктерін қарастырып көрелік. Н. Хомский ұсынған құзыреттілік түсініктемесін ұстана отырып және әлеуметті негіз бойынша «құзырет» және «біліктілік» түсініктерін шектей отырып – өзекті, когнитивті – тұлғалық, біліктілік деп біз адамның білімі, зияткерлік және тұлғалық сипатталған әлеуметтік-кәсіби сипаттамасына негізделген тұлғалық қасиетін қалыптастыратын өзекті, оның тұлғалық қасиетін түсінеміз.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік түсінігіне ғалымдар әр түрлі қарайды. Бір авторлар әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті анықтай отырып, әлеуметтік білімге басымдылық берсе, енді білі түрлі мінез-құлықтық сценарийді әзірлеу мен қабілетті меңгеруге мән берсе, үшіншілері барынша толықтай психологиялық анықталған сапа және қабілетпен толықтыру

маңызды деп есептейді. Кей авторлар әлеуметтік біліктілік мазмұнында алдыңғы қатарға тұлғаның белгілі қасиеттерін қояды.

Сонымен, бірқатар авторлар әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті анықтай отырып, әлеуметтік білім, қабілет пен машыққа басымдылық береді. Ал, Д.А. Почебут әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті әлеуметтік өзара қарым-қатынас жүйесіндегі өзін-өзі таныту мен бейімделуді қамтамасыз ететін ресми және бейресми әлеуметтік байланыстар жүйесін табысты құруға үшін әлеуметтік білім, қабілет пен машықты құрылымдық қолдануға қабілеттілік ретінде түсінеді

Мұндай көзқарасты Г.Э. Белицкая «әлеуметтік-мәдени құзыреттілік» түсінігі тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің жоғары деңгейін тұжырымдайтын – қызмет, мінез-құлық, қарым-қатынас, пайымдау және т.б. процесінде қол жеткізілетін әлеуметтік шынайылықты меңгеру мен дамыту деген пікірмен ұстанады[2].

Өзге авторлар жоғарыда атап өткеніміздей, әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті анықтай отырып, түрлі мінез-құлықтық сценарийлерді меңгеру мен әзірлеу білуге басымдылық береді. Сонымен, В.Н. Куницина өз еңбегінде әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті күрделі әлеуметтік қабілет пен өзара қарым-қатынас машығы, әлеуметтік шынайылық пен өзі туралы білім жүйесі, жылдам әрі дұрыс бейімделуге, істі білу арқылы шешім қабылдауға, қалыптасқан жағдайдан ықтимал нәрсені барынша алуға, осы жерде және барынша жақсы түрде әрекет етуге мүмкіндік беретін қарапайым әлеуметтік жағдайлардағы мінез-құлық сценарийі ретінде анықтайды. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік уақытша, тарихи жиекке ие шұғыл түсінік ретінде түсіндіріледі.

Г.И. Сивковаға сәйкес, әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – бұл адамға қалыптасқан жағдайға байланысты өзінің мінез-құлқын икемді түрде өзгертуге мүмкіндік беретін түрлі автоматтандырылған машықтар іске асырылатын сенімді мінез-құлықтың болуы. Барынша нақты бұл ойды В.Г. Ромеков оның қызметіндегі тар (әлеуметтік жағдай ерекшелігі) және кең (әлеуметтік норма мен жағдайлар) мәнмәтінді есепке ала отырып, адамның мінез-құлық стратегиясын икемді түрде өзгерту мүмкіндігінің әлеуметтік-мәдени құзыреттілік құрамына қосып, сипаттаған.

В.В. Цветковтың пікірі бойынша, әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – бұл әлеуметтік рөлдер теориясы ұстанымынан: әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – бұл тұлғаның интеграциялық сапасын білдіретін, индивидке социуммен белсенді өзара әрекет етуге мүмкіндік беретін, түрлі әлеуметтік рөлді орындауға, түрлі топ және индивидпен байланыс орнатуға, әлеуметтік маңызды жобаларға қатысуға мүмкіндік беретін әлеуметтік-педагогикалық санат ретінде қарастыру қажет тұлғаның барынша белгілі сапасы.

Авторлар әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті анықтағанда, оны білім, қабілет пен жұмыс тәсілдерінің құрылымдарында бөліп қарастыра отырып, тұлғаның белгілі психологиялық сапасын, қасиеттері мен қабілеттерінде когнитивті-зияткерлік (білу, түсіну, елестету, талдау, бағалау және т.б.) және мотивциялық-аксиологиялық сипаттағы (бағыт, құндылық) қызметтік-мінез-құлықтық құрауышпен қатар, әлеуметтік біліктіліктің психологиялық құрылымын жіктейді.

Адамның әлеуметтік-мәдени құзыреттілігі қамтиды:

- әр түрлі әлеуметтік үдерістер болып жатқан қоғамда;
- білім алудағы рөлдік талаптары мен қоғамдағы өзге де әлеуметтік мәртебесі;
- мінез-құлқы мен дағдыларына бағытталған де әлеуметтік мәртебесі;
- жалпыадамзаттық нормалар мен құндылықтар (әдеп-ғұрып, салт-дәстүр, заңдар, діни көзқарастар т.б.);
- өзін әлеуметтік субъект ретінде сезіне алуы т.б..

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті оқушының әлеуметтену деңгейін, оның әлеуметтік белсенділігінің жоғары деңгейі мен шынайылықты меңгеру; тұлғаның моральдық және құқықтық пісіп-жетілуі; адамның әлеммен оның тұлға, өмірлік іс-әрекет субъектісі ретіндегі өз-өзіне қарым-қатынасы негізіндегі өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ететін тұлғалық

қасиет, адамның өзге адамдармен өзара әрекетінде байқалатын қоғамға қарым-қатынас, қызметке қарым-қатынас ретіндегі жиынтықтық түсінік ретінде қарастырады.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік түсінігімен оқушының жаңа мінез-құлықтық мақсат пен құндылықтық бағдарды қалыптастыру тікелей байланысты деп есептейді. Осы бойынша, жоғары Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік келесі сипаттамаларда: бірлесіп шешім қабылдауға қатысу дайындығы; өзіне жауапкершілік ала білу, өздігінен шешім қабылдай білу қабілеті; күш көрсетпеу жолымен шиеленісті реттеу; қоғамдық институттардың жұмыс істеуіне қатысуда байқалады [3].

Егер В. П. Зинченко, «мәдениеттің күші оның сабақтастығында, оның ішкі болуы мен дамуының үздіксіздігінде, оны тудыратын және шығармашылық мүмкіндіктерде...» десе, ендеше айтарлықтай мөлшерде қоғамдағы мәдениеттің ондай сабақтастығына білім беру, әсіресе, оның бастапқы міндеті – оқушылардың бойында әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру болып табылатын, оны меңгеру адамға мәдени тәсілмен түрлі әлеуметтік мәселелерді сәтті шешуге жол ұсынатын жоғары кәсіптік білім беру міндетті.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік тұрғысынан ұйымдастыру педагогикалық білім беру мен білікті жетілдіру мазмұнын жаңарту құралы ғана емес, оны қазіргі талапқа сай ұйымдастырудың қажетті механизм ретінде де қарастыруға болады. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік тұрғысынан ұйымдастыру білім беру мен білікті жетілдіру жұмысына айтарлықтай өзгеріс ендіріп, оған тәжірибиелік – шығармашылық бағыт береді [4].

Сонымен қатар қазір негізгі мәселе «Баланы қалай оқыту керек?», «Баланы қалай жан-жақты дамытамыз?», «Қалай өз өмірінің менеджері болуға үйрету керек?» дегенге бағытталып отыр. 12 жылдық білім беруге көшуде мектеп алдына негізгі үш бағыт басшылыққа алынады: оқушының жеке қабілетін, әлеуметтік мүмкіндіктерін, ішкі қажеттіліктерді есепке ала отырып, жеке-даралық бағытта оқыту. Бұл бағыттарды жүзеге асыру үшін мұғалім негізгі үш компонентпен таныс болуы тиіс. Олар: инварианттық компонент–мемлекеттің базалық оқу стандарты жүйесіндегі талаптар мен мазмұндарға жауап беретіндей жалпы міндетті оқу жоспарының бөлімін меңгеру; профильдік компонент–профильдік оқу стандарты талаптарының мазмұнында көрсетілгендей оқу курстарының тереңдігін, оқыланып пәндердің өзара байланыстылығын меңгеру; тұлғалық компонент–оқушылардың өзіндік зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға байланысты арнайы таңдау курстарын, оқу жоспарларын меңгеру.

Оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігіне қарай бірнеше деңгейге бөліп қарастыруға болады:

Төменгі деңгей (бейімделу)-әлеуметтік-мәдени құзыреттілік туралы түсініктері таяз, кәсібилікке талпынысы жеткіліксіз, өз бетімен ізденуге, білімін көтеруге ықтиярсыз, адамдармен тіл табысуға, білім, білік, дағдыларды игеруге құлықты емес.

Орта деңгей (репродуктивтік)-әлеуметтік-мәдени құзыреттілік жайлы білімдері, қызығушылықтары бар, бірақ тұрақты емес, әлеуметтік-мәдени құзыреттілік қажеттілігін сезінеді.

Жеткілікті деңгей (эвристикалық)- әлеуметтік-мәдени құзыреттілікке деген көзқарасы жақсы, адамдармен тіл-табысуы біршама қалыптасқан, шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілеті бар, бірақ тұрақты қолдануға машықтанбаған, жұмысында жоғары нәтижеге жету үшін қосымша материалдарды, ақпараттарды тауып, оларды іріктей алады.

Жоғары деңгей (креативтік) - әлеуметтік-мәдени құзыреттілікке деген қызығушылығы тұрақты, оны өзінің кәсіби іс-әрекетінің мәні деп есептейді, білім, білік пен дағдыларды игеруге қызығушылықтары жоғары. Өмірде әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің керек екендігін саналы түрде түсінеді. Проблеманың шешімін табу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасқан, сабақтарды жобалай біледі, ұйымдастыра алады, адамдармен тез тіл табысады, ұжымда, әлеуметтік ортада беделді [5].

Теориялық қағидарлар мен тәжірибелік-эксперимент жұмысының негізінде қорытынды жасай отырып, мынандай ұсыныстар беріледі:



- педагог кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстары бағдарламаларына оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін дамытуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттерді ұйымдастыру әдістемесін ендіру қажет,
- жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықтарға «Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет арқылы оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін дамыту» атты элективті курс енгізу керек;
- әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамытуға арналған арнайы әдістемелік оқулықтар жасау қажет.

Сонымен, оқушының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін оған түрлі әлеуметтік рөлдерді сәтті орындауға, өзге адамдармен өзара әрекет етуге мүмкіндік беретін кейбір тұтас әлеуметтік сапа ретінде анықтауға болады. Оқушының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігі білім беру процесінде қалыптасады және адамның белсенді, қызметтік ұстанымын нұсқайды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар.
2. Белицкая Г. Э. Социальная компетенция личности//Сознание личности в кризисном обществе. М., 1995.
3. Зимняя И. А. Ключевые компетенции — новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. 2003. № 5.
4. С.Аманжолов, Құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері // Өскемен: 2007. – Б.135-140.
5. Смолеусова Т. В. Формирование социальной компетентности на уроке. URL : <http://www.zipsites.ru>.

УДК 37.032

### **ИНТЕРНЕТ-ЗАВИСИМОСТЬ КАК ПОКАЗАТЕЛЬ НЕГАТИВНЫХ ПОСЛЕДСТВИЙ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ОБЩЕСТВОМ СЕТИ ИНТЕРНЕТ**

**Исламова Лейсан Фанилевна**

[islamovaleisan00@inbox.ru](mailto:islamovaleisan00@inbox.ru)

Студент социально-гуманитарного факультета БГПУ им. М.Акмоллы , Уфа, Башкортостан  
Научный руководитель - Абдыхалыкова Ж.Е.

Информационный век немислим без Интернета. Современное общество ни дня не может обойтись без "Всемирной паутины", ставшей неотъемлемым элементом человеческой жизни и общения. Она предоставляет моментальный доступ к любой информации, возможность связаться с друзьями или родственниками, планирование времяпровождения, поиск новой любви, выбор одежды и т.п.

Одним из основных признаков современного общества является стремительное развитие компьютерных информационных технологий и систем телекоммуникаций. На сегодняшний день можно с уверенностью сказать, что Интернет перестал быть просто системой хранения и передачи сверхбольших объемов информации. Он стал новым слоем повседневной реальности и сферой жизнедеятельности огромного числа людей. В результате чего у пользователей компьютерных сетей возник целый ряд интересов, мотивов, целей, потребностей, установок, а также форм психологической и социальной активности, непосредственно связанных с этим новым пространством.

Каждое явление в жизни общества приносит с собой и плюсы, и минусы. В данной статье мы хотим выделить именно отрицательную сторону использования сети Интернет. Одна из них- Интернет-зависимость. Она, на наш взгляд, обретает на сегодняшний день